

АЛТЫН БАҒАСЫ ШАРЫҚТАП КЕТТІ

Соңғы бес жыл ішінде алтын бағасы Қазақстанда да, әлемде де рекордтық деңгейге жетті. 2020 жылы 1 грамм алтынның орташа бағасы 25 613 теңге болса, 2025 жылдың қазан айында ол 73 000 теңгеге дейін көтерілді. Бұл – теңгемен есептегенде шамамен 190 пайыздық өсім. Алтынның бұндай қымбаттауының басты себебі – әлемдік экономикадағы тұрақсыздық пен геосаяси шиеленістер.

Халықаралық нарықтағы жағдай да осыны дәлелдейді: 2020 жылы бір троя унция (31,1 грамм) алтынның құны 1 560 АҚШ доллары шамасында болса, 2025 жылдың қазанында оның бағасы 4 156 долларға жетіп, соңғы бірнеше онжылдықтағы ең жоғары көрсеткішке шықты. Экономистердің түсіндіруінше, алтын бағасының көтерілуіне бірнеше нақты фактор әсер еткен.

Біріншіден, әлемдегі геосаяси тұрақсыздық пен санкциялық шиеленістер – адамдарды ақшаны емес, нақты активтерді сақтауға итермеледі. Екіншіден, АҚШ доллары мен еуро бағамының құбылуы, сондай-ақ инфляцияның күшеюі алтынды «қауіпсіз аймақ» ретінде қайта алдыңғы қатарға шығарды. Үшіншіден, орталық банктердің алтын қорын арттыруы да бағаны ұстап тұр. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі де алтын қорының көлемін ұлғайту бағытын ұстанып келеді. Interfax агенттігінің дерегі бойынша, 2024 жылы елдің алтын-валюта резервтері 45,8 миллиард АҚШ долларына жеткен. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда жоғары. Ал Қазақстанда 2024 жылы шамамен 130 тонна алтын өндірілген. Бағаның өсуі халықтың мінез-құлқына да әсер етті. Егер бұрын алтын негізінен әшекей немесе сыйлық ретінде қарастырылса, бүгінде ол нақты инвестиция құралына айналды. Соңғы жылдары азаматтар арасында алтын құймалар мен инвестициялық әшекей бұйымдарға сұраныс артып отыр.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС – ЖАЛҚЫНЫҢ ЕМЕС, ЖАЛПЫНЫҢ ІСІ



Елімізде құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесі жаңартылмақ. Мақсат – «Заң және тәртіп» қағидатына сай халық арасында заңға бағынатын мінез-құлықты қалыптастыру. Жуырда Парламент Мәжілісінде бірінші оқылымда мақұлданған «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заң жобасында осы бағыттағы іс-қимылдың құқықтық негізі жасалды.



ТАРИХ ЖӘНЕ ТҰЛҒА

ШОҚАН – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ЗАҢТАНУШЫ РЕФОРМАТОРЫ

Шоқан – патшалық Ресей мемлекетінің қол астында қызмет еткенімен, өзінің туған халқының болашағын армандаумен өткен, оның өсіп өркендеуін бар жан-тәнімен тілеген азамат. Сондықтан ол қандай қызмет атқарсын, қандай деңгейлі еңбек жазсын, үлкенді-кішілі зерттеу, мақаласының бәрінде өзінің халқы туралы орайын тауып, пікір білдіре кететін.

Ол әсіресе, туған елінің тәуелсіз өз заңы болуын, билер сотының озық дәстүрінің өлмеуін жүрегімен қалады. Халқының қалыптасқан қағидаларын ескермей, далаға үстемдік орнату мақсатымен қабылданған заңның ешбірі елінің дамып, ілгерілеуіне ықпал ете алмайтынын жақсы ұқты. «Сот реформасы туралы жазбалар» атты еңбегінің басты жазылу себебі осы ұлы мүддеден туындаған болатын.

Шоқан Уәлиханов осы еңбегіне кіріспес бұрын, үкімет басылымдарының біріне «Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп, өсіп-өнген заң ғана халық үшін жайлы болмақ. Бұл

заң қаншалық олпы-солпы болғанымен, сырттан телінген немесе жоғарыдан ұсынылған заңнан гөрі оған етене жақын, түсінікті де айқын екеніне ешқандай күмән жоқ» деген. Бірақ, патшалық үкімет өз ықпалдарында тәрбиеленіп, оқып, өсіп шыққан ғалым саяси заңнамалық бағыттарға батыл қарсы шығады деп күтпегені анық. Олар жеме-жемге келгенде, жас ғалымның өздерін қолдайтынына сенді, сондықтан да, «дала заңдарын» дайындайтын, осы мақсатпен қазақ даласын барлап, жергілікті жұрт пікірімен танысатын комиссия құрамына Шоқан Уәлихановты бекітуді дұрыс көрді. Және қазақ ішінен одан

артық кандидатура табылмасын да патшалық шенеуніктер жақсы білді.

Бірақ, Шоқанның осы комиссия жұмыс нәтижесін таразылайтын, сот реформасын қорытындылайтын «Сот реформасы туралы жазбасы» олардың үмітін тас-талқан етті. Шоқан Уәлиханов өзін патшалық қоғамның адал қызметшісі тұрғысынан таныта отырып та, өз халқының мүддесін жоғары қойды, патша үкіметіне бұрынғы дала заңдарымен санасуды, негізгі бағыттарды сақтауды ұсынды. Әрине, қазақ ғалымдары Шоқанның бұл еңбегінің прогресшіл бағытын, туған елінің мүддесін батыл қорғағандығын бағалады. Академик Ә.Марғұлан, жазушы академик С.Мұқанов, шоқантанушы Ж.Бейсенбайұлы, Ш.Сәтбаева, М.Сәрсек секілді ұлт зиялылары ұлы ғалымның азғантай ғұмырында туған жұрты үшін баға жетпес қазына қалдырып кеткенін асқан сүйіспеншілікпен жазады. Олардың әрқайсысы «Сот реформасы тура-

лы жазба» еңбегінің қазақ халқы үшін терең маңызы барын баса атап өтеді. Дей тұрсақ та, бізді бұл еңбекке орыс қоғамы қалай қарады деген сұрақтың жауабы қызықтырды. Шоқанның етене жақын араласқан орыс достары, әрі орыстың көрнекті ғалымдары Г.Потанин, Н.Ядринцев, Семенов Тянь-Шанский, Н.Веселовский, жазушы Ф.Достоевскийлер өздерінің жас достарына сүйсінісін жасыра алмай, баспасөзде жоғары пікір білдіріп, жарыса құттықтаған. Бір жағынан, олардың өздері де халықшыл, прогрессивтік бағыттағы, патшалық саясаттың батыл сыншылары болғандықтан, Шоқанның еңбегіндегі сыншыл көзқарасты жабыла қолдады.

Соның ішінде орыс қоғамында Шоқан Уәлихановтың «Сот туралы жазба» еңбегін арнайы зерттеп, талдаған Санкт-Петербург университетінің профессоры, заң ғылымының докторы С.Ф.Ударцевтің пікірі назар аударуға, арнайы тоқтала кетуге тұрарлық құнды әрі маңызды еңбек. С.Ф.Ударцев Шоқанның бұл еңбегіндегі дала сотының жанашыры, арасы бола білген халықшыл талабына назар аударады: «Ш. Уәлиханов – тарихи дамудың ең бір басты бағыты, ол қоғамның барлық мүшелерінің материалдық жағдайының өсуі.

(Жалғасы 5-бетте)

3-бет



4-бет



8-бет



МЕРЕЙ

Қазақта «Адал еңбек – ардың ісі» деген қанатты сөз бар. Осының айғағындай, ұзақ жылдар бойы сот жүйесінде абыройлы қызмет етіп, өз ісінің шынайы майталманы атанған Мәулет Ақанұлы Жұмағұловтың есімі Қарағанды өңірінің құқық саласында айрықша құрметпен аталады.

Өмірін заң мен әділдікке арнаған Мәулет Ақанұлы 28 жылға жуық судья лауазымында қызмет атқарған беделі биік тұлға. 1982 жылы Қарағанды мемле-



ӘР ҮКІМІ ӘДІЛДІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ

кеттік университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған Мәулет Ақанұлы сот саласындағы еңбек жолын 1990 жылы Қарағанды облысы Тельман аудандық сотының халық судьясы лауазымынан бастаған.

1996–2003 жылдар аралығында Қарағанды облыстық сотының судьясы, Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы лауазымын, 2003–2018 жылдары Қарағанды қаласының бұрынғы Октябрь аудандық соты, қазіргі Әлихан Бөкейхан аудандық сотының судьясы лауазымын атқарып, 2018 жылы құрметті отставкаға шыққан.

Мәулет Ақанұлы сот жүйесіндегі көп жылғы еңбегі, сот төрелігін жүзеге асырудағы табысы және белсенді қызметі үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен, Судьялар одағының «Үш би» төсбелгісімен, облыстық сот төрағасының Құрмет грамота-

лары және көптеген Алғыс хаттармен марапатталған.

Судьялық тәжірибесі мен заң саласына сіңірген еңбегі үшін ол әріптестерінің, сот қауымдастығының, ең бастысы, халықтың зор құрметіне бөленді. Мәулет Ақанұлының әрбір шешімі мен үкімі – әділдік пен жауапкершіліктің айқын көрінісі болды. Ол сот төрелігін жүзеге асыру барысында заңның үстемдігін берік ұстанып, адам тағдырына деген зор жауапкершілікпен қарады.

Өнегелі өмір жолы мен кәсіби тәжірибесі жас буынға үлгі болған Мәулет Ақанұлын қызметтестері талапшыл, әділ, әріптестеріне қамқор, жас мамандарға бағытбағдар беретін ұстаз ретінде сипаттайды. Бүгінде 70 жасқа толып отырған мерейлі сәтінде Мәулет Ақанұлына зор денсаулық, баянды ғұмыр, отбасына амандық тілейміз!

**Қарағанды қаласы
Әлихан Бөкейхан аудандық
сотының ұжымы**

ЖОЛДАУ – ЖОЛ БАСШЫМЫЗ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРЕТІН – СІЗ БЕН БІЗ!

Президенттің жыл сайынғы жолдаулары – ел дамуының бағдары. Халықтың бұл стратегиялық маңызы бар құжатты үлкен үмітпен жететіні де сондықтан. Жолдауда әрбір саланың жетістігі мен кемшілігі сарапталып, жұмысын жандандыруға серпін беретін жобалар мен бастамалар ұсынылады.

Мәселен, биылғы жолдау Қазақстанды цифрлық мемлекетке айналдырудың тетіктерін көрсетіп, сандық технология, жасанды интеллект жетістіктерін ел өміріне жан-жақты енгізуді тапсыруымен ерекше болды. Соның ішінде жасанды интеллект жаңашылдықтарында мемлекеттік тілдің маңызы да ескерілуі керек.

Жалпы, мемлекеттік тілдің мәселесі қашан да өзекті. Қазақстанда қазақ тілі кең қолданылып, кез келген саладағы басты тілге айналуы тиіс. Себебі тілінен айырылған ұлт тамырынан да, салт-сана, дәстүрінен де ажырайды. Осыған орай тәуелсіздік алғалы бері қазақ тілінің мәртебесін айшықтап, беделін көтеру бағытында ауқымды жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Ата Заңымызда да, Тіл туралы заңда да қазақ тілінің мемлекеттік тіл екені тайға нағба басқандай жазылған. Яғни, мемлекеттік тілді дамытудың заңдық негізі жасалған. Ал оның қолданылуында түрлі кемшіліктердің орын алуы бізге байланысты болып отыр.

Мысалы, сот саласындағы барлық шығыс және кіріс құжаттары мемлекеттік тілде әзірленеді. Судьялар мен сот қызметкерлері де мемлекеттік тілді жетік меңгерген. Бірақ, сот істеріндегі мемлекеттік тілдің үлесі көңіл көншітпейді. Бұл сот жұмысының кінәсінен емес. Себебі Азаматтық, Қылмыстық процестік кодекстерде талап-арыз бен іс материалы сот өндірісіне қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады деп дәйектелген. Өкініштісі сол, біздегі мемлекеттік органдар, банк, қаржы ұйымдары, сондай-ақ заңгерлер мен адвокаттар әлі күнге дейін талап-арыздары мен материалдарды орыс тілінде рәсімдеп, сотқа жолдайды. Соның кесірінен судья да, прокурор мен адвокат та, іске қатысатын тараптардың бәрі қазақ бола тұра іс орыс тілінде қаралып жатады. Бұл әрине біздің баршамызға үлкен сын.

Сондықтан, мемлекеттік тілде талап арыз беруге құлықсыздық танытатын, жосықсыз заңгерлердің әрекетіне тосқауыл қойылуы қажет. Одан бөлек, мемлекеттік, қаржы, құқық қорғау органдарынан келіп түсетін талап арыздардың көпшілігі орыс тілінде болғандықтан, мемлекеттік органдарға біртектес талап қоюлар бойынша арыздардың үлгісін жасақтап, тек мемлекеттік тілде талап қоюды міндеттеу керек.

Мемлекеттік тілдің маңызын арттыру, мәртебесін көтеру – баршамызға ортақ іс. Тіл дамуы үшін сандық технология, жасанды интеллектке негізделген жобаларда да мемлекеттік тіл басты орында тұруы тиіс.

**Г.КҮДЕРБАЕВА,
Самар аудандық сотының төрағасы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

ҚҰҚЫҚ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС – ЖАЛҚЫНЫҢ ЕМЕС, ЖАЛПЫНЫҢ ІСІ

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Құжат «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы», «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» біртекті бес заңның нормасы бір заңға шоғырландырылмақ.

Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің айтуынша, заң жобасының негізгі мақсаты – қылмыс деңгейін төмендету, қоғамдық қауіпсіздікті арттыру және алдын алу бойынша барлық мүдделі тараптардың келісілген іс-қимылын қамтамасыз ету. Осы мақсатта олардың өзара іс-қимылын реттейтін бірыңғай үйлестіру орталығы құрылуда. Аталмыш құжат негізінде құқық бұзушылықтың алдын алуды тиімдірек ету үшін профилактикалық органдардың саны 13-тен 26-ға дейін ұлғайтылады. Оған мемлекеттік органдардан басқа азаматтық қоғам институттары, заң қоғамдастығы, құқық қорғау институттары, Қазақстан халқы Ассамблеясы, түрлі қоғамдық және консалтингтік орталықтар кіреді. Яғни, осы құрылымдардың барлығы енді қылмыстың алдын алумен айналысатын субъектілер болмақ. Бұл өте маңызды өзгеріс. Өйткені, қолданыстағы заңнама бұған дейін құқық тәртібінің сақталуына оң әсер еткенімен, Ішкі істер министрлігі жұмысына көп бейім болды. Онда әлеуметтік, білім беру, медицина саласының рөлі жеткіліксіз еді.

Аталмыш заң жобасында осы олқылық жойылып, виктимологиялық алдын алу шаралары енгізілді. Жаңа құжат бойынша жазалау шаралары әлеуметтік алдын алу шараларына ауысады. Әр министрлік енді өз құзыреті шегінде профилактикалық жұмыстармен айналыса-

тын болады. Ең бастысы, бірыңғай үйлестіру орталығы құрылуда. Бұл өте маңызды, себебі осы уақытқа дейін 13 ұйым есеп беру жолынсыз немесе бірыңғай тәсілсіз бір-бірінен алшақ жұмыс істеді. Жаңа орталық талдау, мониторинг жасау мен алдын алудың ортақ тәсілдерін жасауға бағытталған. Тоқетерін айтқанда, енді бәрі бір бағытта жұмыс істейтін болады.

Заң жобасының тағы бір жаңалығы – қылмысқа бейім азаматтармен жеке жұмыс жүргізуінде. Министрдің сөзінен түйгеніміз – бұл бағытта топтық және жеке адамдарға арналған арнайы алдын алу шаралары жүргізіледі. Жеке шаралар қоғамға жат мінез-құлық танытқан немесе қылмысқа бейім адамдарға бағытталған. Профилактикалық мекемелер мұндай адамдарды анықтап, хабардар етіп, жұмысқа орналастыруға көмектесіп, емдеу және әлеуметтік қолдау шараларын ұйымдастыра алады. Бұрын мұндай болмаған, енді ол заңмен бекітілмек. Сондай-ақ, профилактикалық шараға жарамды адамдар санаты кеңейтілмек. Қазіргі уақытта ол жазасын толық өтеген және соттылығы жойылған немесе жойылмағандарды ғана қамтиды. Дегенмен, статистика көрсеткендей, құқық бұзушылықтардың шамамен 70 пайызын шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар жасайды. Енді бұл шарада соттылығы алынбаған немесе өтелмегендер, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыстық теріс қылықты қайталап жасағандар да қамтылады. Егер агенттік жеке тұлғаның құқық бұзушылық жасау қаупі бар екенін анықтаса, қауіп жойылғанша олармен жұмыс істейді.

Құжат сонымен қатар азаматтардың қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысуын барынша арттыруды көздейді. Бұл үрдіс қазіргі таңда жұмыс істеп тұрған қоғамдық көмекшілер институты арқылы жүзеге аспақ. Азаматтардың белсенділігін артты-

ру үшін қылмыстың алдын алуға қосқан үлесіне орай марапат пен ақшалай сыйақы беру көзделуде. Көтермелеу тәртібі мен мөлшерін жергілікті атқарушы органдар жанындағы ведомствоаралық комиссия айқындайды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, балаларды қараусыз қалдырудың және қайталанатын қылмыстың алдын алудағы барлық тетіктер қалдырылып, ол да осы заңға біріктірілді. Мысалы, Мәдениет және ақпарат министрлігіндегі отбасын қорғау комитеті тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуды үйлестіреді. Оқу ағарту министрлігі балалардың құқығын қорғауға ден қояды. Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, заң жобасы жыл соңына дейін қабылданып, 2026 жылдан бастап күшіне енуі керек.

Мәжілісте құрылған жұмыс тобының жетекшісі депутат Магеррам Магеррамовтың айтуынша, бұл құжат азаматтардың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін қорғауда бойынша жасалған елеулі қадам. Өйткені, заң жобасы құқықбұзушылықтың салдарымен емес, себебімен күресуді көздейді. Сондықтан оның оң нәтижесі көп күттірмейді.

Десе де заң жобасын қарау барысында азаматтардың алдын алу шараларына қатысу мәселесі көп талқыланды. Бұл қиянат немесе жалған айыптауларға әкелуі мүмкін деген қауіп болды. Құжатта осының алды ескеріліп, келеңсіз жайлардың алдын алу шаралары қарастырылды. Тоқетерін айтқанда, бұл заң жобасы мемлекеттің, қоғамның, азаматтардың қылмыстың алдын алу және құқықтық тәртіпті нығайтудағы күш-жігерін біріктіретін жүйелі құжат.

Бұған, әрине, сенгіміз келеді. Дегенмен заң талабы орындалуымен құнды. Сондықтан оның өлшемдері өмірден көрініс табуы керек.

**Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»**

БІЛГЕН ЖӨН

Арақтың залалы көп. Еліміздегі орын алатын қылмыстарды азаматтар көбіне-көп алкогольді ма-саң күйде жасайды. Яғни арақ адамдықтан кетіреді, жақындармен арадағы сыйластыққа салқынын тигізеді, өмірді теріс жаққа өзгертеді. Осыған орай елімізде алкогольді өнімдерді сатуға заңдық шектеулер енгізілгені белгілі.

Мәселен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 200-бабында алкоголь өнімін өткізу, сату жөніндегі талаптарды бұзғандарға жауаптылық белгіленген. Осы баптың 1-бөліміне сәйкес, жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға алкоголь өнімін өткізгендердің лицензиясы тоқтатылып, жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Осы жазаны өтегеннен кейін заң бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасағандарға жаза неғұрлым қатаң.

Бүгінде алкогольдік өнімдерді сатудың шекті мерзімі бекітілген. Соған сәйкес мұндай өнімдерді сағат түнгі 23-тен таңғы сағат 8-ге дейін сатуға тыйым салынған. Мұндай құқық бұзушылыққа жол бергендердің лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрып, жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жүз жиырма АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Ал құқық бұзушылық қайталанған

АЛКОГОЛЬ ӨНІМДЕРІН САУДАЛАУДЫҢ ШЕКТІ МЕРЗІМІ БАР



**Р.ЖАМАЛБЕКОВ,
Алматы қаласы Әкімшілік
құқық бұзушылық жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы**

жағдайда айыппұл мөлшері жоғарылайды.

Мәселен, Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында жеке кәсіпкер А.Т.-ға қатысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 200-бабы 4-бөлігімен іс қаралды.

Дүкен сатушысы А. бұған дейін де алкогольдік өнімді шектеулі мерзімнен тыс уақытта сатқаны үшін айыпты деп танылып, айыппұл төлеген еді. Алайда, бұл жаза қателіктен сабақ алуға, заңның пәрменін сезіндіруге сеп болмаған секілді. Себебі А. әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде сыра өнімін бекітілген мерзімнен тыс уақытта сатқан. Сөйтіп ӘҚБтК-нің 200-бабы 4-бөліміне сай жауапқа тартылған.

Сот отырысында азаматша А.Т. құқық бұзушылық жасағандығын то-

лығымен мойындап, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен келісетіндігін мәлімдеді. Бұл сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, сауалнама хаттамаларымен, баянатпен, құқықтық және санақ бойынша арнайы есепке алу комитетінің анықтамасымен, Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2024 жылғы 8 қазандағы қаулысымен дәлелденеді. Зерттелген дәлелдемелер іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы туралы ақиқатты даусыз анықтайды, дәлелдемелердің жиынтығы істің шешілуі үшін жеткілікті деп танылады.

Осы мән-жайларды ескере келе сот жеке кәсіпкер А.Т.-ны Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 200-бабы 4-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тарта отырып, алкоголь өнімдерін сақтауға және бөлшек саудада өткізуге лицензиясынан айырды. Сонымен бірге оған 220192 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салуға қаулы шығарды. Әкімшілік айыппұлды әкімшілік жауапқа тартылған адам қаулы заңды күшіне енген күннен бастап отыз тәуліктен кешіктірмей төлеуге тиіс.

Міне, осыдан көріп тұрғанымыздай алкоголь өнімдерін саудалап, табыс тауып отырған кәсіпкерлерге жауаптылық жоғары. Әрі бұл дұрыс та. Өйткені, кез келген кәсіп иесі алдымен заңға бағынуы керек. Екіншіден, алкогольді өнімдерді сату арқылы табысты болу өзгелердің құқығын бұзып, қауіпсіздікке көлеңкесін түсіретінін ұмытпайық.

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

АЛТЫН БАҒАСЫ ШАРЫҚТАП КЕТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қаржы нарығын реттеу агенттігінің деректері бойынша, 2024 жылы жеке тұлғалардың алтынмен байланысты салымдары мен шоттарының саны 40 пайызға өскен. Сарапшылардың айтуынша, алтын бағасы алдағы уақытта да жоғары деңгейде сақталуы мүмкін. Себебі әлемдік инфляция бәсеңдемей тұр, ал геосаяси шиеленіс азайған жоқ. Сонымен қатар, АҚШ Федералдық резерв жүйесі мен Еуропа орталық банктерінің пайыздық мөлшерлемені ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде ұстауы, инвесторларды тағы да нақты активтерге, яғни алтынға бұруы ықтимал.

Қазір алтын – тек сән немесе әшекей емес, тұрақтылықтың символы. 2025 жылдың қазанындағы баға соның дәлелі: бір грамм алтынның құны 73 мың теңгеден асса да, оған сұраныс азайған жоқ. Керісінше, адамдар алтынды болашақтағы дағдарыстардан қорғандың жалғыз сенімді жолы деп біледі. Қаржы нарығында теңге мен доллар арасындағы айырмашылықтар жалғасып жатқан шақта, алтын өз орнын нақты бекітіп алды. Ол тек металл емес, ұзақмерзімді сенім капиталына айналды.

Сарапшылардың пікірінше, алтын бағасының өсуі – тек экономикалық көрсеткіш емес, қоғамның сенім деңгейінің айнасы. Соңғы бес жылда әлемде дағдарыс, санкциялар мен валюталық құбылмалылық



жиілеген сайын, адамдар нақты активке бет бұрып отыр. Сол активтің ең көнесі әрі сенімдісі – алтын.

Қазақстандық зергерлік сарапшы Гүлмира Есенова бұл үрдісті күнделікті тәжірибесінен-ақ байқап отырғанын айтады:

«Бұрын клиенттер алтынды көбіне әшекей ретінде алатын. Қазір олар салмақ, сапа және бағалануы бойынша сұрақ қоя бастады. Көпшілігі «қанша грамм», «қандай сынама», «инвестицияға жарай ма?» деп нақты есеп жүргізеді. Бұл адамдардың саналы сатып алушыға айналғанының белгісі», – дейді сарапшы.

Гүлмира Есенованың айтуынша, алтын бұйымдарға деген сұраныс азайған жоқ, керісінше, құнды

және сирек үлгілерге қызығушылық артқан.

«Қазір салмағы 15-20 грамман асатын бұйымдар жиі өтеді. Клиенттер «жеңіл» заттан гөрі, нақты салмағы бар алтынды қалайды. Бұл – алтынды ұзақмерзімді инвестиция ретінде қабылдаудың көрінісі. Тіпті кейбір отбасылар алтынды балаларына мұра ретінде сатып алып қояды», – дейді ол.

Қаржы нарығында теңге мен доллар арасындағы айырмашылықтар жалғасып жатқан шақта, алтын өз орнын нақты бекітіп алды. Ол тек металл емес, ұзақмерзімді сенім капиталына айналды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

МЕРЕЙ

БҰЛ МЕРЕКЕДЕ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТАРИХЫ ЖАТЫР

Бұл мерекенің Республика күні болып таңдалуында тарих жатыр. Ол кездейсоқ белгілене салған күн емес. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің №307-ХІІ Жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Декларацияда Қазақстанның тәуелсіз, егемен мемлекет екені көрсетілді.

Әр мемлекет үшін үлкен маңызға ие шешуші фактор – елінің жеке дара территориясы, өз алдына азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі мен мемлекеттік рәміздерінің бекуі. Алайда, 2001 жылы бұл күн ұлттық мереке мәртебесін жоғалтып, мемлекеттік мерекелер санатына ауыстырылып тасталған. Осындай шешімге сәйкес Республика күнін ресми тойлау тоқтатылған-ды. Бірақ 2022 жылдың 16 шілдесінде тарихи күн қайта жаңғырды. Осы жылы өткен Ұлттық құрылтайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамның символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деп мерекеге ресми түрде ұлттық мереке статусын қайтарды. Осындай себептен соң ҚР Парламенті «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға түзетулер енгізді. Құжатқа сәйкес, Республика күні, яғни 25 қазан – ұлттық мерекеге, ал Тәуелсіздік күні, 16 желтоқсан мемлекеттік мереке санатына қосылды.

Азаттықтың ақ туы ресми жарияланған соң Қазақстан үшін өрлеу, дәуірлеу кезеңі басталды. Тәуелсіз елге лайық мемлекеттік құрылымдар жасақталып, шекарамыз бекіді, Конституция қабылданып, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болдық.

Жас мемлекеттің алдында үлкен



Марат ЫРСЫМБЕТОВ,
Түлкібас аудандық сотының
төрағасы

сынақ, сыртқы және ішкі саясатты дербес жүргізу, экономикалық, құқықтық салаларда жеке шешімдер мен бағдарламалар жасау мүмкіндігі туды.

Жалпы тарихқа шолу жасар болсақ, мұндай мәртебеге ерекше тарихи маңызға ие және мемлекеттіліктің дамуына елеулі әсер еткен күндер ғана қосылады. Осы тұрғыда қарастырсақ, қазақ тарихындағы бұл күннің таразы басындағы салмағы артық. Мәні мен мазмұны терең.

Осыны жастар сезіне білсе, бүгінгі мейрам жай ғана көшеге шығып,

концерт тамашалап үйге қайтатын ғана мейрам емес, бұл ел ретінде халықтың рухын, ұлттық намысын қайрап, бірлігін, тарихи тағдырын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік беретін елеулі күн. Сол себепті де республиканың мақтанышына айналуы тиіс мерекенің статусын да көтеру маңызды. Ол үшін кез келген азамат ұлттық құндылықтармен қатар тарихымыз, салт-дәстүрімізге құрметпен қарауды үйренгені абзал. Әрине бұның шешімі де ең алдымен әрқайсысымызды туған үйімізге әкеп тіреді. Отаншылдық, ұлтжандылық отбасында қалыптасады.

Бүгін шағын отбасын, ондағы әрбір жақынды сыйлау, тыңдау ертеңгі үлкен игіліктердің атқарылуына түрткі. Қазақта жас ұрпаққа өнегелеп, әңгімелейтін тарихтың ақтаңдақ беттері көп. Ол тарих жас балаға Отан жолында опат болған көп есімдерді айтады, зерделей білсе ұлан ғайыр жерге ие бабалардың батырлығын паш етеді. Ендеше, ұлттық тәрбие балабақша, мектеп қабырғасы кезінен енсе, ертең ол баланың да елінің патриоты, шынайы батыры болып шықпасына кім кепіл?!

Бізге қазір жалған айғай, мінберлердегі есеп берулерден гөрі, жастарға адами, мәдени, рухани тарихи дем берген абзал.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Шымкент қаласында «Заң мен тәртіп» атты жаңа цифрлық сервис іске қосылды. Жаңа технологиялар негізінде цифрландырылған бұл қызмет іске қосылған 23 маусымнан бастап қыркүйек айына дейінгі аралықта ғана жүйе арқылы полицияға азаматтардан 1271 хабарлама келіп түскені анықталды. Бұл қала тұрғындарының құқық қорғау органдарына тікелей жүгіну мүмкіндігін белсенді пайдаланып әрі полицияға халық сенімінің біршама нығайғанын айғақтаса керек...

ҚАУІПСІЗДІК ДӘУІРІ

Қаладағы құқық бұзушылықтар туралы хабарламалардың басым бөлігі жол қозғалысы ережелерін бұзу, жол-көлік оқиғалары және басқа да әкімшілік құқық бұзушылықтарға қатысты болды. Дегенмен, бұл тек статистикалық мәлімет қана емес – әр хабарлама, әр шағым – қоғамдағы заң үстемдігін сақтау мен қауіпсіз ортаны қалыптастырудағы маңызды қадамға айналып келеді.

Цифрлық трансформация: құқық қорғау мен қоғам арасындағы көпір

Бір атап өтерлігі соңғы ақпараттық және сандық технологиялармен жабдықталған «Заң мен тәртіп» сервисі тәулік бойы жұмыс істейді. Азаматтарға құқық бұзушылықтарды хабарлаудың ыңғайлы әрі жедел тәсілін ұсына-тын бұл құрал қоғамдық қатынастардағы ашықтық пен сенімді арттыруда таптырмас механизмге айналған. Ведомство өкілі хабарламалар автоматты түрде полицияға бағытталып, дереу белгіленген тәртіппен өңделетінін бұл өз кезегінде тәртіп сақшыларына оперативтік шешім қабылдауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Сервисті пайдалану үшін еgov mobile мобильді қосымшасы немесе кейбір банктердің қосымшаларын қолдану жеткілікті. «Заң мен тәртіп» батырмасын таңдап, құқық бұзушылық түрін және болған орнын көрсетіп, қысқаша формасын толтырса, хабарлама дереу құқық қорғау органына түседі. Бұл процесс азаматтарға құқық қорғау органдарына жүгінудің қарапайым әрі ыңғайлы жолын қамтамасыз етіп отыр, – дейді Шымкент қаласы полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Цифрлық технологияларды енгізу азаматтар мен полиция арасындағы өзара әрекеттестікті тек жылдамдатып қана қоймай, сонымен қатар ашықтық пен сенімділікті арттыруға да мүмкіндік берген. Құқық қорғау

органдарының қоғам алдындағы есептілігі күшейіп, кез келген құқық бұзушылыққа қарсы нөлдік төзімділік саясатының іске асуы қамтамасыз етіле бастаған.

Шымкент қаласында жүргізіліп жатқан шаралар аясында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, алкогольге тәуелділік пен шылым шегуге қарсы сананы дамыту, қоғамды кез келген заң және тәртіп бұзушылыққа қарсы қалыптастыруға да баса көңіл бөліне бастаған. Аталған бағыттағы жұмыстың айтарлықтай жеңілденіп жүйелі түрде жүзеге асырылуына – «Цифрландыру және инновацияларды енгізу» бағдарламасы зор ықпал еткен. Бағдарлама шеңберінде IT технологиялар, жасанды интеллект және инновациялық инфрақұрылымдар құру арқылы құқық қорғау қызметін жетілдіру көзделіпті.

Сенімді мемлекет

Қалалық полицияның цифрлық сервистерді тиімді қолдануы азаматтарға ғана емес, қоғамға да үлкен сенім береді. Әр хабарлама – заңның үстемдігін нығайту, әділеттілікті сақтау және қауіпсіз орта құрудағы нақты қадамға айналған. Азаматтар құқық бұзушылықтарды хабарлауда белсенділік танытып, өз қауіпсіздігі мен қоғамның тыныштығына да тікелей үлес қосуға мүмкіндік алған.

Осылайша, «Заң мен тәртіп» сервисінің жұмыс істеуі Шымкент қаласындағы құқық қорғау органдары мен тұрғындар арасындағы сенімділікті нығайтып, қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыруға нақты үлес қосып келеді. Бұл – цифрлық инновация арқылы қоғамды қауіпсіз ету, азаматтар мен мемлекеттік орган арасындағы байланыс орнату және «Заң мен тәртіп» идеологиясын насихаттау бағытындағы жаңа дәуірдің бастауы болары сөзсіз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ



ОҢ ҚАДАМ

«ЖЫЛ ВОЛОНТЕРІ» АНЫҚТАЛДЫ

«Жыл волонтері» халықаралық сыйлығын табыстауға арналған конкурстың алғашқы кезеңі аяқталды.

Онлайн дауыс беруге 50 мыңнан астам адам қатысып, волонтерлерге қолдау көрсетті. Бұл – елімізде волонтерлік қозғалысқа қоғам тарапынан қызығушылықтың артып, азаматтық бастамаларға қолдау көрсету мәдениетінің нығайып келе жатқанын көрсетеді.

Онлайн дауыс беру қорытындысымен 15 номинацияның әрқайсысы бойынша үздік он үміткер іріктелді. Конкурстың келесі кезеңінде финалистер конкурс комиссиясының сараптамалық бағалауынан өтеді.

5 желтоқсан – Халықаралық волонтерлер күніне орай Астана қаласында «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығын табыстау рәсімі өтеді. Іс-шара барысында қоғам игілігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген үздік волонтерлер марапатталып, жеңімпаздар жарияланады.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің
баспасөз қызметі

САРАП

ЖЕР ДАУЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 2025 жылдың басынан бастап 806 іс түссе, соның ішінде 146 іс жер дауларына қатысты. Оның ішінде 71 іс қайтарылып, 43 іс қаралып шешім қабылданған. 25 іс бойынша талап қою арызы қанағаттандырылған. 24 іс бойынша дау тауласумен аяқталған.

Жер дауларына қатысты сот-тылық мәселесі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 102 және 106-баптарының қағидалары бойынша айқындалады. Негізінен жеке тұлға талап қоюшының арызы бойынша мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттың сот-тылығына жатқызылған істерді талап қоюшының тұрғылықты жеріндегі сот қарауы мүмкін. Егер талап қоюшы заңды тұлға болса, онда тиісті облыстың мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты істі қарайды.

Жер даулары бойынша көп кездесетін талап – жергілікті атқарушы органның жер учаскелеріне тиісті құқық беру туралы шешімдеріне дау айту.

ӘРПК-нің 136-бабының бірінші бөлігіне сәйкес дау айту туралы, мәжбүрлеу туралы талап қоюлар шағымды қарайтын органның шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі.

Егер заңда сотқа дейінгі тәртіп көзделмеген немесе шағымды қарайтын орган болмаса, талап қою әкімшілік акт табыс етілген күннен бастап немесе осы кодексте және Қазақстанның заңнамасында белгіленген тәртіппен назарына жеткізілген кезден бастап бір ай ішінде беріледі.

Құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері әкімшілік актіде қозғалатын, әкімшілік рәсімге қатыспаған адам әкімшілік актінің қабылданғаны туралы адам білген немесе білуі мүмкін болған күннен бастап бір ай ішінде, бірақ, ол қабылданған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей сотқа талап қоюды беруге құқылы (ӘРПК-нің 136-бабының 5-бөлігі). Соттар процестік заңның жоғарыда көрсетілген ережелерін басшылыққа алады және талап қоюшыға түпкілікті болып табылатын өтіп кеткен мерзімін қалпына келтіруден көбіне бас тартады. ӘРПК-нің 136-бабы 5-бөлігінің нормасы императивті сипатқа ие және көзделген бір жылдық мерзім түпкілікті болып табылады және қалпына келтіруге жатпайды.

ӘРПК-нің 136-бабының 8-бөлігіне сәйкес сотқа жүгінудің өтіп

кеткен мерзімін қалпына келтірудің мүмкін болмауы талап қоюды қайтару үшін негіз.

Жер кодексінің 32-бабына сәйкес жер пайдалану құқығын табыстау тұлғаға жер пайдалану құқығын тікелей мемлекеттің беретінін білдіреді. Азаматтарға және заңды тұлғаларға жер пайдалану құқығын табыстау облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде жер учаскесіне құқық табыстау жөніндегі құзыретке сәйкес жүргізіледі.

Сотта жиі кездесетін даулы істер олар: жерлердің бір-біріне беттесіп орналасуы, жергілікті атқарушы органның жер табыстаудан бас тарту бойынша туындайтын дау, жер учаскесінің нысаналы мақсатын ауыстыруға қатысты даулар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді конкурс бойынша табыстауға қатысты даулар, жер учаскесінің дұрыс орналаспауы салдарынан туындайтын даулар. Жер учаскелеріне құқықтар берудің не беруден бас тартудың заңдылығына дау айту республика соттары қараған осы санаттағы әкімшілік істердің ең көп санын құрайды.

2025 жылы келіп түскен талап қоюлардың 2024 жылдың бірінші жарты жылдығымен салыстырғанда азайғаны байқалады. Жер учаскелерін беру тәртібі Жер кодексінің 43-бабымен реттеледі. Осы норма Жер кодексінің 48-бабына сәйкес елді мекен шегінде объектілер салу үшін жер учаскесін және сауда-саттыққа қойылатын жерлерді беру жағдайын қоспағанда, жер учаскесіне құқық берудің жалпы тәртібін реттейді.

Жер кодекстің 22-бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сай жер учаскесіне құқық меншік құқығын табыстау арқылы туындайды.

Кодекстің 32-бабының 1, 2) тармақтарына сай жер пайдалану құқығын табыстау тұлғаға жер пайдалану құқығын тікелей мемлекеттің беретінін білдіреді, азаматтарға және заңды тұлғаларға жер пайдалану құқығын табыстау атқарушы органның жер учаскесіне құқық табыстау жөніндегі құзыретіне сәйкес



Марат ШАРИПОВ,
Түркістан облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының төрағасы

оның шешімі негізінде жүргізіледі.

Талап қоюшыға сұрап отырған жер учаскесі, жоғарыда аталған Жер кодексінің 24-бабының 24) тармақшасында көрсетілгендей, атқарушы органдардың құқықтық актілері, т.б. заңды негіздермен тиесілі емес. Мысалы, Қарашық ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 4 қарашадағы шешімімен Қарашық елді мекенінің аумағынан «Жайлы мектеп құрылысы үшін» жалпы алаңы 6,0 га жер учаскесі Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөліміне тұрақты жер пайдалану құқығымен берілгені анықталған.

Жер учаскесіне кадастрлық №19-331-030-170 сәйкестендіру актісі рәсімделген. Кейін, Қарашық ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 13 маусымдағы шешімімен «Жайлы мектеп құрылысы үшін» берілген жер учаскесі жобадан алынғаны көрсетіліп, әкімнің 2022 жылғы 4 қарашадағы шешімінің күші жойылған. 2024 жылғы 6 ақпанда серіктестік «мектеп құрылысы үшін», алаңы 6,0 га жер учаскесін беру туралы өтініш берген.

Жауапкер – ауыл әкімі 2024 жылғы 8 ақпандағы хатымен Қарашық ауылының бас жоспарына сәйкес сұратылған жер учаскесінде монша, мешіт, дүкен, тұрмыстық қызмет көрсету орталығы, химиялық тазалау орталығы, балалар сауықтыру орталығы қарастырылғанын, мемлекеттік меншіктегі жер учаскесіне құқық сауда-саттық арқылы берілетінін көрсетіп, арыз-

ды қанағаттандырусыз қалдырған. Серіктестік осы талап қою арызымен жауапкердің бас тарту әрекетін заңсыз деп танып, қолайлы әкімшілік акті қабылдауды міндеттеуді сұраған.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ

Конкурстық жер комиссиясы тарапынан конкурс негізінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді конкурс жеңімпаздарына табыстау кезінде жол берілетін кемшіліктерге келетін болсақ төмендегіше: Комиссия мүшелерінің кворумының болмауы; конкурсқа қатысушылардың баллдарын дұрыс есептемеу; жер заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін қабылданбауға жатпайтын өтінімдердің конкурсқа қатысуға жіберілуі.

Комиссия отырысының кворумы бойынша айтар болсақ: Жер кодексінің 43-бабының 2-бөлігіне сәйкес жер комиссиясы мүшелерінің саны тақ болуға және тоғыз адамнан кем болмауға тиіс. Бұл ретте, қоғамдық кеңестер, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар және өзге де салалық мемлекеттік емес ұйымдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, сондай-ақ, жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің саны жер комиссиясы мүшелері жалпы санының кемінде елу пайызын құрауға тиіс. Дауыс беруге міндетті түрде жер комиссиясының тұрақты құрамы және берілетін жер учаскесі орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің екі өкілі қатысады. Жер комиссиясының отырысы, егер оған оның құрамының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

Жер комиссиясында оның төрағасы (жер мәселелеріне жетекшілік ететін әкімнің орынбасары) комиссия отырысына басшылық етеді және оны дұрыс жүргізуді қамтиды. Отырысты аудио-бейнетіркеудің болмауы жер комиссиясының шешімін жарамсыз деп тану үшін негіз.

ӘКІМДІКТІҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫМЕН ЖАЛДАУ ШАРТЫН ҰЗARTUDAN БАС TARTYUHA БАЙЛАНЫСТЫ ДАУЛАР

Жер кодексінің 37-бабының талаптары арқылы шешімін табады. Ең бастысы өз міндеттерін тиісінше орындау, жер учаскесінің шекаралары өзгермеуі, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингінің оң нәтижелері болуы қажет. Уақытша өтеулі жер пайдаланушы осындай шарт жасасу ниеті туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органын жалға алу шартында көрсетілген мерзімде, егер шартта мұндай

мерзім көрсетілмесе, онда жалға алу шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай мерзімде жазбаша хабардар етуге міндетті. Жалға алу шартының қолданылу мерзімі өткен соң өз міндеттерін тиісінше орындаған уақытша өтеулі жер пайдаланушының егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе жалға алу шартында өзгеше белгіленбесе, жаңа мерзімге шарт жасасуға басқа тұлғалар алдында артықшылықты құқығы болады.

Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту мәселелері бойынша:

Жер кодексінің 49-1-бабына сәйкес (2023 жылғы 1 шілдеге дейін) қолданыста болған редакцияда) жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту жергілікті атқарушы органның құзыретіне жатады және сұратылған нысаналы мақсаты бойынша жер учаскесін пайдалану мүмкіндігін айқындауға жол беріледі. Көрсетілген баптың 8) тармағына сәйкес жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім жер комиссиясының қорытындысы негізінде қабылданады.

Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуден бас тарту уәжді болуға тиіс. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын ауыстыру сол аймақтың бас жоспарына қайшы келмеуі, басқа жер пайдаланушылардың құқықтарын шектемеуі қажет екенін соттар аса назарда ұстауы қажет.

РЕЗЕРВКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖЕРЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ДА ДАУЛАР БАР

Арыс қаласы әкімшілігінің 2002 жылғы «Сапарбай-К.Ш.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 846,29 га жайылымдық жері уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен ұзақ мерзімге жалға берілген. Аталған қаулы негізінде жер телімін жалға беру туралы келісімшарт жасалған.

Арыс қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №431 қаулысымен пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру мақсатында «Сапарбай-К.Ш.» ЖШС-нің аумағы 846,29 га жер учаскесі он жылға резервке қалдырылған.

Жерді резервке қою елді мекендердің дамуын қамтамасыз ету, жоспарланып отырған инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерін, стратегиялық объектілерді, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру, жеке ауласын және бақша шаруашылығын ұстау бойынша халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру мақсатында жайылымдық және шабындық алқаптарды пайдалану үшін, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану, индустриялық аймақтарды құру мақсаттары үшін мемлекеттік меншіктегі жерде резервтік аумақтар құру арқылы жүзеге асырылады.

БІР МҮДДЕ

Қай заманда да елдіктің өлшемі тәртіп пен заңның сақталуымен байланысты болған. Халық әрдайым әділеттілікті артұтып, заңды үстем, билікті әділ еткен елге сенім артқан. Биылғы 8 қыркүйекте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жолдауында осы мәселеге ерекше мән беріп, «Заң және тәртіп – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры» екенін айрықша атап өтті.

Бұл бүгінгі сот жүйесі мен барлық құқық қорғау органдарына берілген айқын бағдар. Себебі заңның үстемдігі жоқ жерде әділетсіздік жайлайды, ал әділетсіз қоғамда сенім болмайтыны айтпаса да түсінікті. Халық сенімі жоғалған жерде мемлекеттің іргесі сөгілетін қауіп бар.

Жалпы, қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылық бір ғана полицияның жұмысы емес. Мұндай жауапкершілік мемлекеттік биліктің барлық саласына бірдей тиесілі. Бірақ осы жүйеде сот саласының орны айрықша. Себебі сот соңғы шешімді айтатын, халықтың үміті мен әділетке деген сенімінің соңғы межесі. Сот әділетті төрелік етсе, кінәлі өз жазасын, жәбірленуші өз әділдігін табады. Әлбетте, әділет салтанат құрған жерде тәртіп орнығады. Ал тәртіп бар жерде тыныштық, тұрақтылық, даму болады. Бұл ғасырлар сынынан өткен қарапайым ақиқат.

ТӘРТІП – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТҰҒЫРЫ



Бүгінгі күні соттар тек дауға төрелік айттып, қылмыскерге жаза тағайындап қана қоймайды. Олар қоғамдық мәдениетті, заңға құрметті, құқықтық сана мен жауапкершілікті қалыптастырушы институт.

Судья – заңның қорғаушысы ғана емес, қоғамға үлгі болар тұлға. Оның әр сөзі, әр шешімі тұрғындар арасында құқыққа деген құрметті қалыптастырып, заңнан атауға болмайтынын көрсетеді. Кейде қоғамда заңға мойынсұнуды әлсіздік деп қате түсінетін пікірлер кездеседі. Мәселен, жол ережесін қасақана бұзып, полицияға дау айтып, бейнежазбаға түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеп, соны ерлікке балап жататын адамдар да бар. Бұл

заңсыздыққа «заманауи» сипат беру, яғни тәртіпке қарсы пікірді қалыптастыру. Осындай көзқарас қауіпті салдарға әкелуі мүмкін.

Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, «тәртіпке бағыну құлдықтың емес, рухани кемелдіктің белгісі». Расында, өзін құрметтеген жан заңға да адал, сондықтан ол қоғам мен мемлекеттің дамуына зиян келтірмейді.

Президент өз жолдауында осы мәселені нақты атап өтті. «Қоғамда заң мен тәртіпке қарсы кез келген әрекетке төзбеушілік болуы керек. Барлық құзырлы органдардың осы бағыттағы жұмысын қолдау қажет», – деп нақты айтты.

Бұл дегеніміз құқық қорғау органдары мен соттың қызметін қоғам болып қолдап, заңсыздыққа қарсы біріккен көзқарас қалыптастыру қажет деген сөз. Ал, халықтың сотқа сенімі әділет үстемдік құрғанда артады. Сенім болған жерде тәртіптің орнығуы заңдылық.

Бүгінгі соттар көптеген бағыт бойынша жаңарып, заман талабына бейімделіп келеді. Судьялар адам құқығы мен бостандығын басты орынға қойып, әрбір шешімді заңға, мораль мен арға негіздеуі отырып қабылдауға ұмтылады. Алайда тәртіп пен заң тек сот залында емес, көшеде, мектепте, отбасыда, қоғамдық орында қалыптасуы керек. Бүгін қоғамдық көлікте айқайға жол берілсе, ертең сотта үлкен дауға айналуы мүмкін. Бүгін жол үстінде бейәдеп әрекетке көз жұмсақ, ертең қылмыстық оқиғаға тап боламыз.

Меніңше, әр адам заңға бағынуды қоғамның ең жоғары құндылығы ретінде қабылда-

уы керек. Бұл жерде сот – қоғам мен заңның арасындағы көпір. Сол көпір мықты болса ғана Қазақстан құқық үстемдік еткен өркениетті елге айналады.

Бұрындары қазыналы қарттар «Атаның құнын кеше де, әділдігін кешпейді» деуші еді. Расында, бұл заң мен әділеттің қадірін терең түсінген халықтың сөзі. Сол ұлы мұраны сақтап қалу бүгінгі біздің, соның ішінде судьялар корпусының басты міндеті. Иә, тәртіп әр адамның ішкі мәдениеті мен заң алдындағы жауапкершілігінен басталады. Ал сот сол тәртіптің айнасы емес пе?! Біз осы сенімді ақтап, заңға адал, әр азаматқа әділ болу арқылы ғана елдіктің тірегі – әділет жолын бекем ұстай аламыз.

Жалпы, сот төрелігін айтқан соң, әділетке қол жетті дейміз. Бірақ шын әділет адамның ішкі дүниесінде орнағанда ғана шынайы болады. Қоғамда әділетсіздік сезімі пайда болса, ол мемлекеттің де беделіне дақ түсіреді.

Міне, сондықтан Президент жолдауда барлық құзырлы органдардың ортақ көзқараспен жұмыс істеуі керек екенін айтты. Бұл сот жүйесіне де тікелей қатысты. Себебі әділеттің жүгі ауыр. Ол тек заңмен емес, халықтың сенімімен өлшенеді. Сонда ғана біз нағыз заң үстемдік еткен ел бола аламыз.

Нұргүл ШАҚПАҚОВА,
Атырау облысы көмелетке
толмағандар істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұған ең алғаш қызмет ететін экономикалық және әлеуметтік экономика болып табылады. Ол саяси және құқықтық реформа экономикалық жаңаруды іске асыруды қамтамасыз етсе, ол үшін, ең алдымен, халықтың тәжірибесі, оның дәстүрі мен мәдениеті ескерілуі тиіс деп есептеді. Шоқан Уәлихановтың пайымдауы бойынша, қандай жағдайда болмасын, қандай реформаны болмасын, оның пайдасы мен зиянының қаншалықты екендігін үнемі екшеп, анықтап отыру керек. Шоқан реформаны халықтың табиғи дамуын ескермей, күштеп енгізу халықтың наразылығын тудырып, кері әрекетке әкелуі мүмкін деген ой қалыптастырды», – деп жазды С.Ф. Ударцев.

Міне, орыс қоғамы да Шоқанның бұл еңбегін біржақты қабылдамай, оның өркениеттік даму бағытындағы прогресшіл ойларын, туған халқының көш соңында қалып қоймай, әлемдік өркениетке ілесуіне құлықты жанашыр ниетін әділ сараптап, өз бағасын беріп отырғанына көзіміз жетеді.

Ш.Уәлихановтың замандас достары, тілеулес болған ұстаздары оның туған халқы мәселелеріндегі, әсіресе, экономикалық, заң мен сот мәселелеріндегі консерваторлық тұрақтылығын мойындады. Яғни, оның консерваторлығы туған халқының дәстүрлі саяси-құқықтық заңдарының мәніне бойламай, бұзып бүлдіруден сақтауға, өз халқының көзі ашық азаматы ретінде араша тұрып, қорған болуға бағытталды.

Мақаламызды осылайша айдарлатып атауымыздың өз қисыны бар. Шынында да Шоқан дәл сол тұстағы көзқарас тұрғысынан алғанда заңнамалық төңкеріс жасады деуге болады. Өйткені, «Сот реформасы туралы жазбалары» бұрын-соңды болмаған, қазақ даласы түгілі, тап сол алып Ресей империясы үшін де үлкен серпіліс тудырған, айды аспаннан бір-ақ шығарғандай ұлы еңбек болатын.

Шоқан осы кезеңдерге дейін, жиһанкез саяхатшы ғалым ретінде танылып келсе, бұл мақаласы арқылы мүлде басқа қырынан танылды. Және ең бастысы, көзсіз ерліктей танылған мақаланы жазуға кездейсоқ нартәуекел еткен жоқ, үлкен дайындықпен келді. Ол бүкіл дүние жүзінің ірі мемлекеттерінің заңнамалық бағытын, құқықтану саласын түбегейлі тексерді. Әсіресе, сол тұстарда дүние жүзін дүр сілкіндірген француз революциясы заңдылықтарымен тиянақты танысып шықты. Өйткені, патшалық Ресей империясының заңнамалық реформасына батыл көзқарасын білдіру үшін, яғни, ашық талас тартысқа шақыру осыны талап етті. Шоқан қандай тәуекелге барғанын өте жақсы ұқты; мұндай батыл қадамы патша үкіметі тарапынан елеусіз қалмайтыны анық болатын. Сондықтан, ғалым ашық пікірталас, дискуссияға дайын болуы керектігін сезіне білді. Соған орай оған қазақтың билер институтының астамшыл империя көзінен таса болып келген қырларын, ежелгі заңдары мен кодекстерін жақсы білуі тиіс болатын.

Дегенмен осы арада біз ажыратып, байыптай үнілуге тиіс, салмақты зерделеуге тура келетін жағдайлар бар. Айталық Ресей географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылданып, табысты, өнімді еңбегімен жарқырап танылып үлгерген жап-жас ғалымның қалыптасып қалған бағытынан аныпп, өзі қызмет етіп жүрген алып империяға соқтығыуына не себеп итермеледі деген заңды сұрақ көкейде оянады. Шоқан осы уақыттарға дейін Ресей патшалығына мұндай ашық наразылық танытып көрмегені рас. Және жан-жақты ізденімпаз ғалым еңбектерінің дені ел мен жерді географиялық тұрғыдан байыптау болды. Сол бағытының өзі Шоқанды ғажайып қырынан танытты: географ, өлкетанушы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, жазушы, суретші, қоғамтанушы, саясаткер Шоқан бейнесін орнықтырды. Ал бір бағытта бедерлі із қалыптастырған Шоқанның енді заңгерлік, тіпті ғылыми заңтанушылыққа талпынуы – төбеден жай түсіргендей үлкен құбылыс, бетбұрыс болған еді. Бұл оның мүмкіндік аясын тарылтқанымыз емес, онсыз да қыруар іс тындырып жүрген, шаруасы бастан асып жатқан ғалымның, қисынды ойға жүгінсек, өзі атқарып жүрген

істерден мүлде басқа бағытқа – үкіметтің заң реформасы бағытындағы саяси ұстанымына араласып кетуінің үлкен бір себебі бары айқын аңғарылады. Сондықтан, оның «Сот реформасы туралы жазба» еңбегін өзге еңбектерінің қатарына қойып, зерделеу мүлде дұрыс болмас еді.

Мемлекеттің заңнамалық бағытына араласу – елдің саясатына араласу деген сөз. Ендеше бұл Шоқанның, бір жағынан, патшалық мемлекет алдындағы абырой-беделінің жоғарылап, өскенінің айғағы. Бұл арада Шоқан жай ғана ғалым емес, әрі заңтанушы, әрі заңгер-саясаткер, мемлекетшіл тұлға деңгейіне көтеріліп отыр. Ал патшалық үкімет өзінің заңнамалық саяси бағытын

ШОҚАН – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ЗАҢТАНУШЫ РЕФОРМАТОРЫ

Қыр қазағы Шоқанға: «Қазаққа адал қызмет қылған Абылай бабаңды ұмытпа! Патша алдында еліңнің арын сақтап қал: барыңды сал, шыққан тамырыңды сақтап қал! Жаз! Жаһандық қаһан қаламыңнан қазақтың ойы түзу түссін ақ қағазға!» – деп ел тағдырын аманат қылып тапсырды. Ұлтының адал қылы Шоқан ел талабын ақ патшаның Батыс Сібір жұртындағы бастығына таза, толық күйінде жеткізді. Ғылыми көзімен барласаңыз, Шоқанның сот реформасы туралы жазбасы – Алты Алаштың алғашқы құқықтық петициясы. Әрі бұл ғалым Шоқанның арғы-бергі дала қазағының ар сотын қорғап сөйлеген таза адал жүрегінің үні еді. Және бұл – Шоқанның өз тағдырындай жарқ ете қалған соңғы тұяқ серпугі – өшпес ғылыми жаңалығы еді.

бұл еңбегінде бір жағынан патшалық заңнамалық құжатты қолдап отырғандай ең әуелі емексітіп, сылап-сипай талдау жасап бастайды: «Соңғы уақытта біздің үкіметіміз әкімшіліктерді, сот құрылымдарын қайта жаңғыртуға барынша ын-та-жігермен кірісіп, халыққа білім беру мәселесіне баса назар аударды. Бұл реформалардың кейбіреулері, мысалы, сот реформасы сияқтылары біздің даламызға да қатысты болды. Сот саласындағы түбегейлі өзгерістер, шамасы, біздің аймағымыздағы бұрынғы әкімшілік құрылымдардың да өзгерістеріне алып келеді, және орыс үкіметі үшін де, сондай-ақ қырғыз халқы үшін де күрделі, ауыртпалығы көп бюрократтық хаостың орнына енді округтерде орыс ауылдық және қалалық қауымы үшін едәуір тиімді басқармалардың құрылатынына күмән жоқ. Менің отаныма қатысты дайындалып жатқан мұндай маңызды өзгерістер орын алып жатқанда, өзімнің сот әкімшілік реформаларға және жартылай халыққа білім беруге қатысты кейбір түсініктерім мен мақалаларымды алға тартуды міндетім деп есептеймін» дейді ғалым.

Шоқанның осылайша сөз саптап, дипломатиялық шеберлікпен үйіріп әкеліп, арасында өзі құқығын қорғағалы отырған жұртты өткір сынаушы болып көрінуі де керемет. Ол мұнысымен, бір қарағанда, патшалықтың сот реформасын емес, өзінің жұртына шүйлігіп отырғандай: «Алайда, халық пікірі, әсіресе, жарым жартылай жабайы халықтың пікірі қажеттілігінің айқын көрінісі ретінде барлық кезде қабылданбауы мүмкін. Қоғамдағы дәрежесі биік таптың пікіріне халықтың шынайы қажеттілігін теріс бұрмалаушы ретінде қарау керек, өйткені, атақты немесе бай адамдардың мүддесі, тіпті, жоғары өркениетке қол жеткізгендер қоғамында да басым жағдайда көпшіліктің мүддесімен қастасып, қарсы келіп жатады. Халық тұрпайы әрі топас, соның салдарынан не нәрсеге де немқұрайлы, салғырт қарайды. Сондықтан, халық пікірінің уәжі мен бағыты мыңдаған кездейсоқ, сірә, ұсақ, аса маңызы жоқ, түкке тұрмайтын жағдайларға тәуелді...». (Ш.Уәлиханов. Көптомдық шығармалар жинағы. 4-том. «Сот рефор-

масы туралы жазба». Алматы, 2010. 83-84 беттер).

Міне, тап осы арада Шоқанның ұшқыр саясаткерлігі айқын танылады. Ол, біріншіден, патшалық үкіметтің заңын сынағалы отырмағандай, мүлде басқа мәселеге назар аудартады, өз жұртының сыншысы секілді болып көрінеді. Шоқанның бұл ұстанымы оның үздік, өрелі саясаткер бола білгенінің айғағы. Өз халқына нендей жағдайдың қауіп төндіретінін жақсы білген ол, гуманистік, романтикалық, сонымен бірге, сауатты, ойшыл, консерваторлық бағыт ұстанды. Оның консерваторлығы, салыстырмалы ұғыммен өлшесек, жалған ұраншылдыққа, не болмаса, алды-артын өлшемейтін бюрократтық даңғаза про-

және бидің шешіміне шағым жасауға да құқы бар. Бұл тараптан қарағанда, мировой судьяларға үлкен билік берілген, әрі көп жағдайда судья ешбір кепілдіксіз, бір ғана ардың заңын басшылыққа алып, шешім қабылдайды...» (Ш. Уәлиханов. «Сот реформасы туралы жазба». 64-65 беттер).

1867–1868 жылдары қазақ даласында билер сотына реформаның жасалуы Шоқан ұсыныстарының шындығын, нақтылықпен сипатталғанын дәлелдеп, бекіте түскендей болды. Халық өмірімен жете таныспай реформалау қауіпті екенін ескерткен ойшыл ғалымның тұжырымын жиырмасыншы ғасырдағы шұғыл жүргізілген реформалар толығымен дәлелдеді. Отырықшылықты күштеп енгізу, коллективтендіру, әйгілі кәмпескелеу саясаты, осылардың бәрі миллиондаған адамның аштан қырылуына әкеп соққаны белгілі. Тарихтың білгірі Ш.Уәлихановтың өз халқының тағдырына қатысты жүргізілетін реформалық саясаттан үлкен қауіп сезіп, еңбегінде баса айтып, дәлелдеуінің негізсіз болмағанын уақыт көрсетті. Бұл Шоқанның өз дәуірі-

нен озып туған даралығының айқын көрінісі болатын.

Шоқандай дара тұлғаны зерттеу ғалымның өз заманында-ақ басталып кеткен. Сол үрдістің әлі күнге дейін толастамағанының бүгін біз куәгері болып отырмыз. Сондай көрнекті шоқантанушы ғалымдарымыздың бірі Марат Азбанбаев «Сот реформасы туралы жазба» еңбегін талдап, өрелеген мақаласында «Шоқан жазбасы – алты Алаштың алғашқы құқықтық петициясы» деп айшықтап, ұлы ғалымның төңкерісшіл еңбегіне зор баға беріп, әлеумет назарын аударды. Біз де замандас ғалымның батыл тұжырымдарына ризашылығымызды білдіре отырып, оның мына бір пікірін – дөп түсер әділ баға, жүректен шыққан көзқарас болғанын баса айтқымыз келеді:

«Қазақ елі Шоқанға «жат жұртқа бағынбай, өз елдігін сақтап қалып, іргесін бөлек салып келген бар тілектің басын бір жерге қосатын жалғыз тамырымыз – байырғы еркін билер соты институтын ежелгі қалпында сақтап қалу керек» деп талап қойды.

Қыр қазағы Шоқанға: «Қазаққа адал қызмет қылған Абылай бабаңды ұмытпа! Патша алдында еліңнің арын сақтап қал: барыңды сал, шыққан тамырыңды сақтап қал! Жаз! Жаһандық қаһан қаламыңнан қазақтың ойы түзу түссін ақ қағазға!» – деп ел тағдырын аманат қылып тапсырды. Ұлтының адал ұлы Шоқан ел талабын ақ патшаның Батыс Сібір жұртындағы бастығына таза, толық күйінде жеткізді. Ғылым көзімен барласаңыз, Шоқанның сот реформасы туралы жазбасы – Алты Алаштың алғашқы құқықтық петициясы. Әрі бұл ғалым Шоқанның арғы-бергі дала қазағының ар сотын қорғап сөйлеген таза адал жүрегінің үні еді. Және бұл – Шоқанның өз тағдырындай жарқ ете қалған соңғы тұяқ серпугі – өшпес ғылыми жаңалығы еді».

Тарихшы әрі шоқантанушы М.Азбанбаевтың Шоқанның аталмыш еңбегіне берген бағасында қазақтың көне мұраларындай романтикалық эмоционалды екпін де бар, сонымен бірге, ұлы перзентіміздің оқшау туындысына берілген әділетті тұрашыл тұжырымы да көрініс тапқан дер едік.

Орыстың көрнекті ғалымы, академик Н.Веселовский: «Шоқан отызға толмаған жасында басқалар бүкіл өмірін жұмса да жасал алмағанды жасады», – деген екен. Бұл өзге жұрт өкілінің шынайы мойындауы емес пе?! Ал қазақтың тағы бір дара перзенті Олжас Сүлейменов Шоқан туралы: «Ол өткен заманда өмір сүрген болашақтың адамы», – депті. Біздің ойымызша, осындай шынайы, оқшау пікірлер Шоқан Уәлихановтай қазақ ұланының да-нышпандық тұлғасын аша түсердей.

**Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы**

КЕЗДЕСУ

«DevMeet» – ЦИФРЛЫ СЕРПІЛІСТІҢ ЖАҢА БАСТАУЫ

Шымкент – жаңа инновациялар мен жасампаз идеялардың ордасына айналып келеді. Қаланың іскерлік ортасында ай сайын жаңа бастамалар мен технологиялық жобалар дүниеге келіп, қоғам арасында IT саласына қызығушылық артып келеді. Осы серпілістің айғағы ретінде 15 қазанда Shymkent Hub алаңында өткен «DevMeet» атты ерекше кездесу аймақтың цифрлы мәдениетіне тың тыныс берді.



Бұл күн – IT мамандар, стартап негізін қалаушылар мен технологияға қызығушылығы бар жастар үшін шын мәнінде жаңа деңгейге көтерілуге мүмкіндік сыйлаған күн болды десек артық айтпаспыз. «DevMeet» – тек әңгіме мен дәріс алаңы емес, тәжірибе мен идея тоғысқан ортаға айналғанын атап өткен жөн.

Кездесу Shymkent Hub инновациялық кеңістігінде ұйымдастырылды. Жиналған қауымның арасында бағдарлама мамандары, QA инженерлер, жас кәсіпкерлер, университет студенттері сондай-ақ өз ісін бастағысы келетін жас стартапшылар да болды. Олар бір мақсатта – жаңа білім алу, тәжірибе бөлісу және цифрландыру алаңында өз әлеуетін ашу үшін бас қосты.

Shymkent Hub жетекшісі Тимур Қозыкеев өз сөзінде шараның басты миссиясы жастардың цифрландыру саласында тың идеяларын шығаруға мүмкіндік беру екенін атап өтті.

– Біздің мақсатымыз – бағдарламалауға, тестілеуге және стартап мәдениетіне қызығушылығы бар жастарға шабыт беру. «DevMeet» – тәжірибемен бөлісіп, жаңа идеялар туындайтын ортаға айналуы көздеп отыр. Мұнда әр қатысушы өз әлеуетін ашып, кәсіби дамуға толықтай бағыт ала алады, – дейді Тимур Қозыкеев.

Үш бағыт, үш тәжірибе, үш шабыт

Шараның басты ерекшелігі сол, әрқайсысы өз саласында үлкен жетістікке жеткен үш негізгі спикердің мазмұнды баяндамалары болды.

Тәжірибелі QA инженер Сағдат Өкімбек бағдарламалық өнім сапасын қамтамасыз етудің заманауи тәсілдерін жіліктеп тұрып талдап берді. Баяндама барысында ол тестілеудің маңыздылығын, өнім сапасын арттырудағы инженердің рөлі мен қателіктерді алдын ала болжау жүйесін нақты мысалдар мен дәйектерді қолдана отырып түсіндірді.

Intelab стартаптың негізін қалаушы Шохноза Абдулакимқызы болса CEO, IT-бизнесті бастау мен тиімді команда құрудың қыр-сырын толыққанды баяндап, өзінің толғамды ойларымен бөлісті. Ол тыңдармандарға өз тәжірибесінен алынған шынайы оқиғалар мен қиындықтарды еңсерудің тәсілдерін жеткізді.

Ал Puls kz компаниясының тең құрушысы Хуршид Арипов қазақстандық стартап экожүйесінің ерекшеліктеріне тоқталып, жоба құру мен инвестиция тарту жолдары жайлы жан-жақты ашып көрсетті. Оның айтуынша, бүгінгі таңда табысты стартап жобалар тек идеяға емес, команда мен стратегияға сүйенуі тиіс.

Арнайы қонақ – мотивация мен ілгерілеу символы

Кештің ерекше қонағы – Роза Әшірбаева (Roza Coach) болды. Ол – еліміздегі ең танымал коуч, қаржыгер және PR-мамандардың бірі. Мыңдаған жастар мен кәсіпкерлер оны әлеуметтік желідегі мотивациялық контенттері арқылы таниды.

Спикердің жалынды сөздері залда ерекше атмосфера тудырды. Ол жастарды өз-өзіне сенуге, бастама-

дан қорықпай алға ұмтылуға шақырды.

– Қазіргі заман – тек білімділердің емес, батылдардың уақыты. Егер сен өзіңе сенсең, мүмкіндік сені іздейді. Ең бастысы кейінге қалдыра бермей бастап кету қажет, – дейді Роза Әшірбаева.

Негізгі сессия аяқталған соң қатысушыларды AI, алгоритмдер және стартап тақырыптарында қызықты IT-квиз күтіп тұрды. Бұл ойын барысында қатысушылардың логикалық ойлауы мен технологиялық білім деңгейі сыналды.

Белсенді қатысушыларға Shymkent Hub-тың брендтік мерч өнімдері мен арнайы сыйлықтар табысталды.

Квиз барысында жастар арасындағы рух пен өзара қарқынды бәсеке ерекше байқалды. Көпшілігі командалық жұмыс пен ойдың жылдамдығын нысанаға алып, технологияны қызықты ойын түрінде меңгерді.

IT – болашақтың кілті

Shymkent Hub бүгінде тек жұмыс кеңістігі емес, жаңа идеялардың да incubator-ына айналған іргелі цифрландыру алаңы десек қателеспейміз. Мұнда жас мамандар, студенттер және кәсіпкерлер IT жобаларын дамытып, өзара серіктестік орнатуға мүмкіндік алған.

«DevMeet» осы қауымдастықтың белсенділігін арттырып, жаңа жобаларға жол ашты. Айта кетсек, Shymkent Hub өңірлік деңгейде инновациялық стартаптар мен цифрлы шешімдерді қолдау мақсатында түрлі оқу бағдарламаларын, акселерация курстарын сонымен қатар халықаралық хабтармен серіктестіктерді де сәтті жүзеге асырып келеді.

– Қазіргі таңда технология – экономиканың ең маңызды драйверлерінің біріне айналып үлгерді. Ал «DevMeet» сияқты кездесулер – осы бағыттағы ең құнды инвестиция яғни адам капиталына жасалған салым болып табылады.

Бұл шарадан кейін көптеген қатысушылар өз идеяларын іске асыруға, стартаптарын дамытуға және жаңа жобалар бастауға ниет білдірді.

Шымкенттегі «DevMeet» – бұл жай ғана кездесу емес, IT, бизнес және шығармашылық ойдың бір алаңда тоғысқан мерекесі болды. «DevMeet» – болашақ IT көшбасшыларының бас қосқан күні. Бұл бастама – Шымкенттің цифрлы болашағына қосылған үлес, жаңа дәуірдің бастауы болмақ.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

қате есептеуге байланысты конкурс нәтижелері негізсіз жасалынды.

• Әкімшілік органның шағымды объективті қарауы, тыңдау рәсімін өткізуі және шағым қаралғанға дейін келісімшарт жасасуды тоқтата тұруы тиіс еді. Алайда, бұл талаптар сақталмаған: келісімшартты тоқтату жүзеге аспаған, тыңдау рәсімі өткізілмеген.

Сот шешімімен ЖШС-нің әкімшілік талабы қанағаттандырылды.

МКҚК «Балабақша» шешімі заңсыз деп танылып, күшін жойды, жауапкерге конкурс нәтижелерін қайта қарау міндеттелді.

Сонымен қатар, сот анықталған заң бұзушылықтар бойынша жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тарту және тиісті шаралар қабылдау үшін Ішкі мемлекеттік аудит департаменті мен Білім басқармасына жекеше ұйғарымдар шығарылды.

Сот актілері заңды күшіне енді.

Ақмола облысының МАӘС-і

ИГІ ІС



ЖАС ПОЛИЦЕЙЛЕР СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ

Шымкент қаласында жас ұрпақтың бойында елжандылық пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытында тағы бір игі бастама жүзеге асты. «Заң мен тәртіп» қағидасын жүзеге асыру шеңберінде Абдраш Назарбеков атындағы №87 жалпы орта білім беретін мектепте бұған дейін болмаған жоба – «Жас сақшы» атты жас полицейлер сыныбының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Бұл – жай ғана жаңа оқу сыныбының ашылуы емес. Бұл – ел болашағына, жас ұрпақтың азаматтық жауапкершілігі мен отансүйгіштігіне салынған үлкен инвестиция десек қателеспейміз. Өйткені дәл осы жобаның негізінде өскелең буын құқық қорғау саласына қызығушылық танытып, адалдық пен тәртіпті өмірлік ұстанымға айналдырмақ.

Салтанатты шараға Шымкент қалалық полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Мәулен Ахметов арнайы қатысып, жас кадеттерге ақ жол тілеп, ел тыныштығын сақтау жолындағы полиция мамандығының абыройы мен жауапкершілігі жайында әсерлі сөз сөйледі.

– «Жас сақшы» сыныбының ашылуы – жастарға бағытталған тәрбиелік жобалардың жаңа белесі. Бұл бастама жасөспірімдерді патриоттық рухта тәрбиелеумен қатар, олардың болашақта ел қорғаны болуға деген ынтасын арттырады. Біз ертеңгі полиция қызметкерлерін дәл осындай мектеп партасынан бастап тәрбиелемекпіз», – дейді Мәулен Ахметов.



Шараға оқушылардың ата-аналары мен мектеп ұжымы да қатысып, балаларының салтанатты түрде кадеттер қатарына қабылданғанына куә болды.

Жаңа сыныпқа кіргенде көзге бірден тәртіп пен ұқыптылық ұялататын жайлы атмосфера сезіледі. Сынып бөлмесі арнайы құқықтық-патриоттық стендтермен, оқу құралдарымен және полиция қызметін бейнелейтін жабдықтармен толықтай қамтамасыз етіліпті.

Ең әсерлісі – кадеттер үшін нағыз полиция нысанының үлгісі бойынша тігілген арнайы формалар болды. Бұл киімдер балалардың бойында тәртіп пен жауапкершілік сезімін күшейтіп, өздеріне деген сенімді арттыра түсетіні сөзсіз.

Шара барысында осы мектептің тоғызыншы сыныбында оқитын жасөспірімдер «Жас сақшы» қозғалысының алғашқы мүшелері атанды. Олар тек оқу бағдарламасын меңгеріп қана қоймай, құқықтық тәртіп, азаматтық борыш, ел қорғау ісі сияқты бағыттарда қосымша сабақтар мен іс-шараларға қатысатын болады.

Мұндай бастамалардың бүгінгі қоғамдағы маңызы – жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастырып, оларды теріс ықпалдан, басқа да түрлі құқықбұзушылықтардан сақтап қалуға мүмкіндік бермек. «Жас сақшы» сыныбы арқылы оқушылар тәртіп пен заңның құндылығын ерте жастан ұғына түседі.

Бұл бағытта Шымкент қаласы Полиция департаменті мен білім басқармасы өзара тығыз ынтымақтастық орнатып, осындай сыныптарды басқа мектептерде де ашуды жоспарлап отырғанын хабарлады.

Мамандардың айтуынша, жастар арасындағы құқықтық мәдениетті нығайту тек тәртіпке баулу емес, сонымен қатар қоғамға адал, әділ, намысты азамат тәрбиелеудің бірден-бір жолы болмақ.

– Бүгінгі салтанатты сәт – Шымкент қаласы үшін жаңа дәстүрдің бастауы. Ертеңгі күні осы сыныптан түлеп ұшқан түлектердің арасында мықты полиция офицерлері, құқық қорғау саласының басшылары, ел тыныштығы үшін қызмет ететін арда азаматтар шығатынына еш күмән жоқ,– деп түйіндеді Шымкент қалалық полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Мәулен Ахметов.

Осылайша, «Жас сақшы» сыныбы – жас буынның бойына патриоттық рух пен заңға құрметті ұялататын маңызды әлеуметтік бастама ретінде ел есінде қалмақ.

Бүгінгі балалар – ертеңгі ел қорғаны. Ал олардың жүрегінде заң мен тәртіпті қадірлеу сезімі болса, болашағымыздың да баянды боларына сенім мол.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ПӘРМЕН

СОТ КӘСІПКЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАДЫ

Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік істер жөніндегі сотында мемлекеттік сатып алу нәтижелеріне шағымды қарау жөніндегі конкурс комиссиясы ұйымдастырушысының шешімін даулау туралы ЖШС-нің МКҚК «Балабақша» мекемесіне қатысты әкімшілік ісі қаралды.

Сотта «М» ЖШС-і мен «Ш» ЖК азық-түлік өнімдерін сатып алуға (800 кг сиыр еті) байланысты Балабақша мекемесі өткізген мемлекеттік сатып алу шеңберінде конкурсқа қатысқан.

Конкурс нәтижесі бойынша ЖШС-ге 4 балл, ЖК-ге 5 балл беріліп, ЖК тендер ұтады. Нәтижемен келіспеген ЖШС-і балл қоюда қателік кеткенін айтып, ұйымдастырушыға шағым түсірген.

Алайда, конкурс ұйымдастырушысының шешімімен шағым веб-портал арқылы берілуі тиіс деп, шағымды қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот келесі негіздер бойынша ұйымдастырушының шешімі мен конкурс нәтижелерін заңсыз деп таныды:

• Жауапкер (ұйымдастырушы) ЖШС-не 4 балл қоюдың негізділігін дәлелдейтін деректерді ұсынбаған.

• Жауапкер конкурс затына (сиыр еті) сәйкес келмейтін қой етін жеткізу тәжірибесі үшін ЖК-ге негізсіз балл берген.

• Жауапкер шағымды формалды түрде қарап, жоғарыда аталған мән-жайларды анықтамаған.

• Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың бұзылуына және

БІЛІМ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТКЕ ИЕ

Өмірде адамның екі нәрседен қателеспеуі керектігі туралы тәмсіл болса, соның бірі – мамандық таңдау. Себебі, мамандық – өмірлік кәсібің, болашағыңның кепілі. Демек, мақсатқа жету жолында қателеспеудің маңызы зор. Бұл ретте сол мамандықты оқытатын оқу орнын таңдау да үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан, еліміздің ең ірі әрі беделді білім ордасы халықаралық стандарттарға сай келетін жоғары деңгейлі кадрларды дайындаудың өзіндік үлгісін жасаған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жайлы айту ешқашан да артықтық етпейді.

Аталған Ұлттық университет Республикамыздағы жоғары білікті мамандар даярлайтын ғасырға жуық оқыту және ғылыми-зерттеу тәжірибесі бар оқу орны. Мұнда ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтардан, технопарктен тұратын бірегей ғылыми инфрақұрылым табысты жұмыс істейді. Бұған қоса ғылыми инфрақұрылым қатарында

ғылыми-білім беру, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік, зертханалық және басқа да орталықтар бар. Бұлар өз кезегінде студенттердің өз бастамаларымен ізденуіне, сондай-ақ, олардың жоғары нәтижеге жетуіне әсер етеді. Яғни, оқуға қызығушылықтарын одан әрі арттырып, ғылыми жұмыстарға ынталандырады.

Мәселен, заңгерлік сұранысқа ие әмбебап мамандық, мемлекеттік қызмет, коммерциялық құрылымдар, т.б. қоғамның кез келген саласына, жекелеген адамдарға барлығына керек. ҚазҰУ-дың заң факультетінде мамандар «Құқықтану», «Кеден ісі» және «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламалары бойынша дайындалады. Айрықша атап өтерлігі, Қазақстан СОРОС қорының қолдауымен ашылған Студенттік заң клиникасында студенттер халыққа заң кеңестерін беріп, қоғамымызда құқықтық сауаттың көтерілуіне атсалысуда.

ҚазҰУ-дың заң факультеті Қазақстанның заңгерлік шеберлік мектебі, зиялы қауымның тірегі. «Азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы» кафедрасының білім беру,



Гүлия МҰҚАЛДИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
азаматтық іс жүргізу, еңбек
құқығы
кафдрасының
ассистент-профессоры

ғылыми және рухани әлеуеті зор. Кафедрада студенттер қазіргі әлемдегі азаматтық құқықты, іс жүргізуді түсініп, оларды терең талдауға, процессуалдық нормалар мен әдістерді зерттеуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, болашақ заңгерлер түрлі сайыстар мен интеллектуалдық олимпиадаларға қатысып, жоғары нәтижелер көрсетуде. Факультет тарихы мен жетістіктері, даму перспективалары құқықтық жүйені жетілдіру және оны әлемдік стандарттармен үйлестіру жөніндегі жалпыұлттық міндеттеменің ажырамас бөлігі саналады. Бүгінде заң факультеті аса күрделі ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге қабілетті қуатты ғылыми әлеуетке ие.

Факультетте ұйымдастырылған өзекті құқықтық мәселелерге арналған ғылыми конференциялар мен семинарлар аясында жас ғалымдар өз еңбектерін ұсынып, көрнекті заң қайраткерлерімен пікірлесе алады. Жалпы алғанда бұл білім ордасы Қазақстандағы және шетелдегі құқықтық саланың дамуында шешуші рөл атқарады.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

3. «OMNI TRADE» ЖШС (БСН 201040002961) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Розыбакиев көшесі, 179-үй, 6-пәтер.

4. «Орда Құс ЕТ» ЖШС (БСН 240840000235) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Шоссесы Қаратөбе, 36-ғимарат.

5. «Megaphone-Service» ЖШС (БСН 120340020376) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Астана шағын ауданы, 9-үй, 10-пәтер.

6. «Алтын Алма Дистрибьюшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда қаласындағы филиалы (БСН 170341004379) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Бөкейхан көшесі, 49А-үй.

7. «Алтын Алма Дистрибьюшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Тараз қаласындағы филиалы (БСН 161141023923) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Бөкейхан көшесі, 49А-үй.

8. «Алтын Алма Дистрибьюшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шымкент қаласындағы филиалы (БСН 170341006206) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Бөкейхан көшесі, 49А-үй.

10. «СтройКонтакт Инвест» ЖШС (БСН 140340015224) (ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қалқаман-2 ықшам ауданы, Б.Қосынова көшесі, 127-үй) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жуалы көшесі, 115, тел. +7 700 241 01 36.

11. «Фонд поддержки и развития футбола среди молодежи города Алматы» қоғамдық қоры (БСН 220740037049) өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Нұрмақов көшесі, 51-үй, 25-пәтер, тел. +7 771 507 00 59.

14. «NAZEL MARKET PLUS» ЖШС (БСН 200840028733) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Самал көшесі, 82/4-үй, 74-пәтер.

16. «Республиканский научно-исследовательский центр охраны атмосферного воздуха» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Петропавл қаласындағы филиалы (БСН 070441008176) (ҚР, СҚО, 150000, Петропавл қаласы, Н.Назарбаев көшесі, 217) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, М.Жұмабаев даңғылы, 18 үй, н.п.1, тел. . 8 777 324 05 50, эл.пошта: Svet-1966-lana@mail.ru. мекенжайы бойынша қабылданады.

18. «TENGRI IMPERIOUS (Тенгри Империус)» ЖШС (БСН 110640016218) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Жұбан Молдағалиев көшесі, 4-үй, 49-пәтер, тел.: +7 747 200 10 36.

19. «KeruenKam» ЖШС (БСН 191140008305) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100000, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы ауданы, Тәттімбет көшесі, 16/1-үй, 181-пәтер, тел. +77788881898.

20. «АвтоКарKZ» ЖШС (БСН 181040035179) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды қаласы, 7-үй, 2-пәтер. Тел.: 87084367013.

22. «MEGAMASTER» ЖШС (БСН 190240029567) (Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 34-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар қаласы, Мәшхүр Жүсіп көшесі, 286-137, тел. 8 776 815 9797.

МҰРАГЕРЛІК

9. 23.06.2025 жылы Әбенев Дәулет Бақытбекұлының қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус М.С.Жаңакулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келулеріңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 139-үй, 82-пәтер. Тел. 8 705 961 22 01.

15. 2022 жылы 7 сәуірде қайтыс болған Әлжанова Әсем Сұлтанқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №9 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

21. 2025 жылдың 2 маусымында қайтыс болған азаматша Измуханова Макпалдың артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзағалиева Роза Тлеккабыловнада мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, тел.: 8(701) 222 7274.



ӘРТУРАІ

12. «KazTech Holding» ЖШС, БСН 141040000238, өзінің жарғылық капиталының 100 000 (жүз мың) теңгеге дейін қысқартылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 17. Тел.: 8 747 526 21 60.

13. Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 16 қыркүйектегі № 234-НҚ заңнамасына сәйкес, «Коксу» ЖШС, БСН 970740000015 тұтынушыларды бір жыл мерзімге су көзіне және су ресурстарын есепке алмағанда (2025 жылғы 1 қарашадан бастап 2026 жылғы 31 қазанға дейін) арналар арқылы сумен жабдықтау қызметтеріне 18,53 теңге мөлшерінде бекітілгені туралы хабарлайды.

24. «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімінің Васильевка ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 030540002702, «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімінің Васильевка ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Сандықтау ауданы, Балкашин ауылы, Абылай хан көшесі 120. Тел: 87164092937.



ЖОҒАЛТУ

17. Астана қаласы «EVER-ASTANA» ЖШС БСН 080640004236 ұйымы мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

2. 2025 жылы 17 қазанда 88 жасында ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы **Оспанова Рысалды Бермұхамбетқызы** дүниеден өтті. Оның бүкіл еңбек жолы сот жүйесімен тығыз байланысты болды.

Рысалды Бермұхамбетқызы Қазақстанның сот жүйесінің дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Ол өз кәсіби қызметінде біліктілігімен және жоғары кәсібилігімен, табандылығы және талапшылдығымен, өмірге деген оптимистік көзқарасымен ерекшеленді. Ол бастылық тарапынан зор беделге, әріптестерінің құрметіне ие болды.

Осынау ауыр күні марқұмның туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, шын жүректен көңіл айтамыз

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Судьялар одағының филиалы.

23. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен Сот әкімшілігінің ұжымы Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы, сот жүйесінің ардагері

Рысалды Бермұхамбетқызы Оспанованың

қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен туған-туыстарына ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Қанша оқыс оқиғаның ортасында жүрсе де, Абылайдың мылқау адаммен бір дастарқан басында отырғаны осы. Әшейінде сөзге шешен подполковникті сұлу келіншектің тағдыры толқытты ма, әлде Қолғанаттың жасқаншақтай қарағанына жүрегі ауырды ма, шешіліп сөйлеп ештеңе айта алмады.

– Анаң сондай әдемі екен, Қолғанат. Менің ұсынысымнан бас тартқаныңның себебін енді түсіндім. Жарайсың, айналайын! Анаңды күт! – деді де орнынан асығыс көтерілді.

Көлікке отырып, жұмыс бөлмесіне келгенде де әйелдің аяулы бейнесі ойынан кетпей қойды. Ойпыр-ай, сондай да бола ма екен... дей берді іштей.

* * *

Жаңа күн генералдың шақыртуынан басталды.

– Абылай Әзімханұлы, судья – мемлекет қорғауындағы тұлға. Сондықтан бұл қылмысты ашу жоғары жақтың бақылауында тұр, – деп саусағын жоғары шошайтқан генерал: – Міне, кешелі бері қаншама журналистен сұрау түсті. Бәрі қылмыскер кім? Қашан қылмысты ашасыздар дейді. Оларға шу керек. Қылмыстың қалай ашылатынын, қылмыскерді ұстаудың оңай емесін түсініп жатқан бірі жоқ. Ал мен не деп жауап берерімді білмей пұшайман боп отырмын. Осыларды алдарқата тұратындай дерек бар ма? Не таптың?

– Асқар Сәбитұлы, судьяны көзіміз көрді ғой. Қазақтың тілін, тарихын сыйлаған, отаншыл адам еді. Осындай адамның қазасы бәрімізге үлкен жауаптылық жүктеп отыр. Кеше оқиға орнын зерделеп келген соң, қылмыстық іздетіру бөлімінің жедел уәкілдерін жинап алдағы бағыт-бағдарымызды айқындап алдық. Жалпы, Валерий Викторов бүгін күнге дейін тек қылмыстық істерді қараған екен. Әріптестерінің айтуынша, үкім шығарғаннан кейін судьяға қоқан-лоққы жасап, кектесіп кеткендер көп болмаған. Десе де, сондай бір-екі жағдай орын алыпты. Соның бірінде қызы зорлық көрген ата-ана қылмыскерге жеңіл жаза бердің деп бүкіл сотты басына көтеріп шулаған. Ал осыдан біраз бұрын Викторовтың өзі қылмыстық топ басшысын соттағанда жеке басының ғана емес, отбасының өмірі үшін алаңдайтынын айтыпты. Әзірге осы версияларды тексеріп көрмекпіз, – деген Қайсенов сұраулы жүзбен департамент басшысына қарады.

– Дұрыс, егер қоқан-лоққы жасаса, оларды тексерген артық болмайды. Әріптестерімен, хатшысымен тағы да тілдесіп көріңдер. Жұмыс кабинетін де бір қараған дұрыс шығар. Мүмкін қылмыскерге барар жол содан табылар.

– Құп болады!
– Абылай, жоғары жақтың менен жауап күтіп отырғанын білесің. Әрбір екі сағат сайын жағдайды баяндап тұр, – деген генерал мұны есікке дейін шығарып салды.

* * *

Сағат ондағы жиынға жедел уәкілдердің бәрі келді. Үш қыранының қасынан Қолғанатты көргенде Абылай таңданып қалды. Подполковниктің жігіттермен амандасып болғанын күткен Қолғанат:

– Абылай Әзімханұлы, егер ойланып қалмасаңыз, мен сіздің қарауыңызда жұмыс істеуге дайынмын! – деді күлімдеп.

– Ооо мынау бір тәуір жаңалық болды ғой. Кел, кел, Қолғанат! Ауысуға қатысты құжаттарыңды мен өзім реттермін. Жігіттердің бәрін танитын шығарсың?

– Иә, Санжар ағаны да, Ербол ағаны да жақсы танимын. Ал...

– Бұл – Қосай Мақұлов. Өзің секілді Қосайдың да қатарымызға қосылғанына көп болған жоқ. Енді бір атаның баласындай, бір қолдың сағасындай бірге жұмыс істейсіңдер! Келістік қой! «Әрине»! «Біз бір командамыз ғой», «Қош келдің, Қолғанат» деп жігіттер дабырласып кетті. Тамағын кернеген Қайсенов әңгіме осымен бітті дегенді көзімен ұқтырып:

– Сонымен, судья ісіне оралайық, – деп жігіттерді тез жинап ала қойды.

ҚИЫС ЖОЛ



– Жақын жердегі үйлерден алынған бейнетаспаларды түгелдей қарап шықтым. Бірақ, көпшілігі камераны көзалдау үшін қойған. Тұра жанындағы үйден алынған таспа тек көше мен өз үйінің алдын түсіреді екен. Екінші үйдегі таспа да судьяның үйінен қиғаш көшені ғана түсіретін болып шықты. Ал өз үйінен алынған таспа толық өртелген. Қылмыскерлер кетіп бара жатып барлық жазбаны өшіріп, құрылғыны жағып жіберген, – деді Ербол Ескермесұлы.

– Иә, екі адамның қанын жүктеп тұрып камераны жоюға уақыт тапқандарына қарағанда бұл не қылмыстық топтың әрекеті, не қатты қастасқан жанның тірлігі.

– Мен де солай ойлаймын, Абылай Әзімханұлы. Оның үстіне, өздері компьютердің де тілін білетін болып тұр. Жақын маңдағы дүкеншінің айтуынша, кеше балалар «Судьяның өліміне қатысты полицияға мәлімет бергендерді аямаймын!» деп жазылған паракшаларды көріп, мектепке апарған. Оны кім жазды? Бұл өздерін біреуіреу байқап қалса қорқытып қояйық деген қылмыскерлердің қулығы ма, әлде жазба жағдайды ушықтырғысы келген журналистер мен блогерлердің әрекеті ме? Осының да басын ашып алу керек болып тұр.

– Жақсы, Ербол! Онда бүгін сол ауданға қайта бар. Айналадағы көрші-қолаңның бәрін сөйлет. Қылмыскерлерді байқамағанымен, парақша таратып жүргендерді көрмеу мүмкін емес. Сосын судьяның үйіндегі принтерді де тексеруге берген дұрыс. Қағазды сол құрылғыдан шығарды ма, сарапшылар қарасын. Айтпақшы, табылған қағаздарды да сарапанаға беруді ұмытпа. Оларда да қолтаңбаның қалуы әбден мүмкін. Қағаздағы қолтаңба 7-8 күнге дейін сақталады. Оның да көмегі болып қалар, – деген подполковник «сөз – сенде» дегендей Санжар Оңғаровқа иек қақты.

– Біз Қосай Мақұловпен бірге кеше судьяның жұмыс орнына бардық. Бірқатар әріптесін сөйлеттік. Хатшысынан біраз мәліметтер жинадық. Сот

хатшысы Болат Едігеұлы деген жас маман екен. Айтуынша, Валерий Викторовтың үкімінен соң қарсылығын білдіріп, реніштерін ашық айтқандар аз болмаған. Бірақ, олардың ешқайсысы судьяның өміріне қауіп төндіріп, қоқан-лоқы жасамаған. Судья тек бір сотталушыдан қауіптенген секілді. Ол – қылмыстық әлемде «Ілмек» псевдонимімен жақсы таныс Сергей Орлов. Қаладағы қалтақағарлардан бастап, бірталай ұрылардың көсемі

қатты айту, қажет кезде бұйыру да ыңғайсыз. Әйтеуір көзтаныс Жарас Бердібеков бар. Баяғы дағдымен бірінші Жарастың нөмірін терді.

– Ассалаумағалайкум, Жәке! Айналаң аман ба?

– Уағалайкумассалам, бар бол, Әбеке! Шүкір, бәрі жақсы. Өзіңізді қашан хабарласар екен деп отыр едім.

– Мына жақтан – генерал, мына жақтан – журналистер жанымызды алып жатыр. Судьяның өлімі үлкен шу туғызып жатқанын білесің ғой, Жәке! Сараптаманы неғұрлым жылдам жасасандар жақсы болар еді.

– Оны біз де түсініп отырмыз. Бірақ, әзірге қуантарлық ештеңе болмай тұр. Қыздың тырнағының астындағы қан дегеніміз кәдімгі красқа болып шықты. Үйден жиналған саусақ таңбаларынан да бөтен адамның саусақ бедері табылмады. Тек қыздың киімінен және судьяның ноутбугының алдынан бірнеше қысқа сары шаш алынған. Шаш дегенің адамның ДНК-сын анықтайтын маңызды бөлшек екенін білесіз. Мына шаштың судьяға да, қызға да тиесілі емесі қазірден белгілі.

– Сараптама қорытындысы қашан дайын болады?

– Қыздарды асықтырып жатырмын. Бұйырса апта соңында қолыңа тигіземіз.

– Оған да рақмет! Бүгін жігіттер бірнеше қағаз бен судьяның принтерін жеткізеді. Қағазда саусақ таңбасы сақталған ба, бұл қағаздар судьяның принтерінен шығарылған ба, сол жағын білу керек болып тұр!

– Жарайды, саусақ таңбасын анықтау қиын болмас. Жігіттер ертерек жеткізсе, кешке дейін қорытындысын қолдарыңа ұстатармыз.
– Келістік, рақмет!

* * *

Сол күні кештетіп жігіттер бөлімге жинала бастады. Алдымен Ербол мен Қолғанат жетті. Судьяның туыстарымен тілдескен жігіттердің айтуынша, үйден ештеңе жоғалмаған. Тек судьяның мерейтойына алынған қымбат сағат қана жоқ. Әзірге жерлеу рәсімдерімен жүрген туыстары жоғалған затты іздеуге қолдары тимегенін айтып, сағат судьяның жұмыс кабинетінде қалуы мүмкін деген де болжамдарын жеткізді.

Сонымен бірге, олар судьяның жүргізушісінен күдіктенетінін жасырып қалмады. Жүргізуші Асхат Айқынов бұл отбасының жеке көлігін үш жылдан бері жүргізіп келген. Әбден сенімге кірген жігіт осыдан екі ай бұрын жұмыстан қуылыпты. Оған негізгі себеп – үй иелері жұмысбасты болғандықтан, азық-түліктен бастап барлық қажетті затты сатып алуды Айқыновқа жүктеген екен. Ал ол өз

кезегінде заттарға үстеме ақша қосып, пайдаға батып жүрген. Әсіресе, үйге жөндеу жасағанда жүргізушінің базардан алынған заттардың бағасын екі-үш есе көтеріп айтқаны судьяның көңіліне келген сияқты. Бірақ, Айқынов онысын мойындамай, әбден қиғылық салыпты. Содан болар туыстары «бұл үйге еркін кіретін де, ненің қай жерде тұратынын білетін де, ең бастысы бізге кек ұстап жүрген де жалғыз адам осы» деп отыр.

– Жүргізушінің мекенжайын білген соң, бірден солай тарттық, – деді Ербол.
– Сөйлесе алдыңдар ма?
– Соның сәті түспеді, Әбеке! Айқынов мына жерден кеткен соң жүк көлігіне жүргізуші болып кіріпті. Қазір Ресейге жүк алып кетті дейді әйелі.

– Қылмысты жасаған соң жолға шығуы да мүмкін ғой...

– Иә, ол жағын да тексеру керек. Жаңа байланыс операторына Айқыновтың телефон нөмірі бойынша сұраныс жолдадық. Кімдермен сөйлесіп, қылмыс болған күні кімдерге хабарласқанын анықтамақпыз. Сосын өзіміздің IT мамандарға телефон иесінің 23 қазандағы бағыт-бағдарын анықтауды тапсырдық. Ол қазір жауабын беруі керек.

Осы кезде есікті тықылдатқан IT маманы – Еркебұлан да төбе көрсетті.

– Кешкі сәлем! Міне, сіздердің сұраныстарыңыз дайын, – деген Еркебұлан Абылайдың қолына бір жапырақ қағазды ұстата қойды.

– Телефон иесінің қозғалысы анықталды ма?

– Иә, Абылай Әзімханұлы, белайн нөмірінің иесі ретінде Асхат Айқынов тіркелген. Ол 20-сынның қазанда Алматыдан Ресейге қарай жолға шыққан. Қазіргі уақытта Орынбормен шектесетін шекарада тұр.

– Нөмірді біреуге беріп, өзі осында қылмыс жасап жүруі мүмкін емес пе?

– Жоқ, жолдас подполковник. Бұл кісі сөйлесетін абоненттер көп емес. Белайнда «отбасы» деген тариф бар, бес адамға арналған. Осы тарифке Айқынов анасын, әйелі мен екі баласын және өзін тіркеген. Сапарға шыққалы бері хабарласатыны осы тарифтегі адамдар. Сонысына қарағанда Ресей шекарасында тұрған Айқыновтың өзі.

– Рақмет, Еркебұлан. Бір күдіктіге қатысты күмәнімізді сейілттің!

– Жақсы, көмектесуге әрдайым әзірмін, – деген жігіт кабинеттен жылыстай берді.

– Ал... енді кім? Айтпақшы, Санжарлар қайда екен?

– Санжармен де, Қосаймен де хабарласа алмадық. Қазір келіп қалар...

– Онда Ербол, судьяның хатшысымен тағы бір сөйлесші. Жұмыстың соңында еркін сөйлесуге уақыт табар. Қанша дегенмен хатшы күні бойы судьяның жанында жүретін адам. Ал, Қолғанат, сен судьяның қызы жайында неғұрлым көбірек ақпарат жинап көрші. Кейде бухгалтериядағы есеп-қисап үшін де келіспеушіліктер болып жатады. Жас қыздың басшылар жымқырған ақшаны біліп қалуы, жария етем деуі мүмкін ғой. Осындай абайсыз айтылған бір ауыз сөз қанды оқиғаға себеп болса ше?

– Жұмысқа тұрғанына көп болмаған қыз ғой. Өзіне жау тауып ала қоймаған шығар? – деп қалды Ербол.

– Мейлі, біз бәрібір барлық күмәнді тексеруіміз керек. Енді жүре беріңдер! – деген подполковник кезекті есепті беру үшін генералдың нөмірін тере бастады.

* * *

Сағат тілі жетіге таяды. Күздің қысқа күні шолтаң етіп, айналаны тегіс қараңғылық басқан. Абылайдың Санжар мен Қосайды күтіп отырғанына бір сағаттай болды. Ақыры екеуі де жетті-ау.

Айзада КЕНЖЕМОЛДАЕВА

(Жалғасы бар)

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5960 дана
Апталық таралым 11920 дана

Тапсырыс №158 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31